

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРТА ДЕҢГЕЙ (B1) КӨЛЕМІНДЕ МЕҢГЕРУДІҢ  
СИПАТТАМАСЫ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ:**

<b>ТЫҢДАЛЫМ</b>	Тіл үйренуші ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бірқалыпты анық берілген кәсібіне, қызметіне, елтанымға қатысты және өзін қызықтыратын ақпараттар мен мәліметтерді, таныс тақырыптар бойынша дәрістер мен сұхбаттарды түсінеді.
<b>ОҚЫЛЫМ</b>	Тіл үйренуші күнделікті өмірде, ресми және кәсіби салаларда қолданылатын материалдарды (жеке хаттар, реттеуші қызметтік хаттар, ақпараттық-жарнамалық мәтіндер), таныс тақырыптар және елтаным бойынша мерзімді басылымдардағы көлемі шағын мәтіндерді оқып, өзіне қажетті ақпаратты алады, жалпы мазмұнын түсінеді және оны баяндап береді, біршама қорытынды жасай алады.
	<b>Жалпы бағдар мақсатындағы оқылым</b>
	Тіл үйренуші орта деңгейге арналған лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктер толық қамтылған бейімделген көлемді мәтіннен және шағын көлемді түпнұсқа мәтіннен өзіне қажетті ақпаратты таба алады.
	<b>Ақпарат және дәлел, негіздеме алу мақсатындағы оқылым</b>
	Тіл үйренуші белгілі бір көзқарасты дәлелдеуге бағытталған негізгі қорытындыларды мәтіннен таба алуы қажет. Мәтінде баяндалатын ақпаратты талдаулар ретін түсіне алады.
<b>ЖАЗЫЛЫМ</b>	Тіл үйренуші репродуктивті сипаттағы мәтінді құрастыра алады. Өзіне таныс және қызықтыратын тақырыптар бойынша шағын көлемді жазба жұмыстарын (эссе, қызметтік хаттар, жеке хаттар) жаза алады.
<b>АЙТЫЛЫМ</b>	Тіл үйренуші таныс тақырыптар бойынша диалогтерге алдын ала дайындықсыз қатыса алады; есту, оқу, көру, тыңдау арқылы алынған ақпараттар мен мәліметтердің мазмұнын логикалық ойды толық аяқтап баяндайды және түсіндіреді; таныс тақырыптар бойынша тыңдаған дәрістерді түсініп, мазмұнын жеткізе алады.